

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 68 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 20923 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы, "Почта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
2020 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
2020 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі
2020 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті
2020 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі
Басқармасының
2020 жылғы 29 маусымдағы
№ 68 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

2. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 28 қарашадағы № 209 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12529 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 қаңтарда "Егемен Қазақстан" № 7 (28735) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы қаулы Тізбенің 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтарын және 2-тармағының үшінші – елуінші абзацтарын қоспағанда, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс."

3. "Ұлттық пошта операторы үшін пруденциялық нормативті, сондай-ақ оның орындалуы туралы есептіліктің нысанын, табыс ету мерзімін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 307 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14786 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтімділігі жоғары активтердің есебіне мыналар:

1) ақша, оның ішінде:

кассадағы ақша, Ұлттық пошта операторының балансы бойынша активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша;

орталық депозитарийдегі шоттардағы меншікті ақша;

Ұлттық пошта операторының клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларындағы жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттықтар және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" санатынан төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді, дара рейтингі немесе Moody's Investors Service, Fitch рейтингтік агенттіктердің немесе олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша;

бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында операцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдарға банктік қызметтер ұсынатын Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы шоттардағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған бағалы қағаздарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі талап етілгенге дейінгі депозиттер;

4) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредит рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

5) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB" төмен емес рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

6) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

7) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

8) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

9) Exchange Traded Funds (ETF) пайлары, олардың активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайды немесе олардың пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланысты;

10) Morningstar рейтинг агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары;

11) тазартылған бағалы қағаздар және металл депозиттер;

12) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B" төмен емес бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар исламдық қаржыландыру құралдары;

13) мынадай талаптарды сақтау шартымен ислам банкінің исламдық қаржыландыру құралдары:

исламдық банктің ірі акционері болып табылатын ұйымда Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес рейтингтік бағасының немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасының болуы;

Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес ислам банкі үшін белгіленген пруденциялық нормативтерді сақтау жөніндегі талаптарды орындау;

14) кері репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар;

15) 1 (бір) айға дейін өтеу мерзімі бар автоматты түрде жасалған кері репо операциялары бойынша дебиторлық берешек;

16) егер осы мәмілелер бойынша міндеттемелер Ұлттық пошта операторының баланс шоттарында ескерілсе және Ұлттық пошта операторының өтімділікке қойылатын талаптарын есептеуге енгізілсе, Ұлттық пошта операторының баланс шоттарында ескерілетін валюталық своп операциялары бойынша талап етілетін сома.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ұлттық пошта операторының осы қаулының 3-тармағында көзделген өтімділігі жоғары активтерінің есебіне мыналар кірмейді:

1) Ұлттық пошта операторының міндеттемелері бойынша қамтамасыз етуі болып табылатын және (немесе) Ұлттық пошта операторының меншік құқығы шектелген (репо операцияларын қоспағанда) активтер;

2) өлшемдері қор биржасының акциялар нарығының индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының ресми тізіміне (қор биржасының өкілдік тізімі) кіретін акцияларды қоспағанда Ұлттық пошта операторына қатысты үлестес адамдар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар."

4. "Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдау жөнінде қолданатын шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 2 қарашадағы № 208 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16040 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын

көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 79 қаулысының (бұдан әрі – № 79 қаулы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17008 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 маусымда Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 1-тармағының 1) тармақшасының екінші абзацында белгіленген Басқарушының меншік капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерінің қажетті мәнін тұрақты түрде қамтамасыз ету";

3) Басқарушының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерінің № 79 қаулының 1-тармағының екінші абзацында белгіленген қажетті мәнін шұғыл қамтамасыз ету.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Басқарушының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерінің қажетті мәнін қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдар Басқарушының ірі қатысушысының Басқарушының орналастырылатын акцияларын сатып алуынан және Басқарушының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерінің мөлшерін № 79 қаулыда белгіленген қажетті мәнге келтіру мақсатында осы акциялардың құнын төлеуден тұрады, бірақ олармен шектелмейді".

5. "Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларын, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17579 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Эмитент оның эмиссиялық бағалы қағаздар айналысының кезеңінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында 2-қосымшаға сәйкес, қаулымен бекітілген Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарға, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдеріне (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес тізбесі Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабының 5-тармағында айқындалған корпоративтік оқиғалар, эмитенттің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) құрамы туралы ақпаратты, эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің,

пайларының) он және одан көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімін, енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісін, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының күшін уәкілетті органның жою туралы және (немесе) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарын өтеу туралы ақпаратты, акционерлік қоғам бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акциялар сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін жария етуді қамтамасыз етеді.";

Эмитент ашуы тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ 2-қосымшаға сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында эмитенттің ақпаратты ашуының мерзімі Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Қағидаларға қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

6. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 151 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19369 болып тіркелген, 2019 жылғы 17 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы қаулы, Тізбенің 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 5-тармағының үшінші, төртінші және алтыншы абзацтарын, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 9-тармағының тоғызыншы – жиырма сегізінші, отыз алтыншы – бір жүз бірінші, бір жүз оныншы – бір жүз жиырма алтыншы, бір жүз отыз төртінші, бір жүз отыз сегізінші – бір жүз тоқсаныншы абзацтарын және 18-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

Қазақстан Республикасының
қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
қаржы нарығын реттеу

мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтыру енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 27 тамыздағы
№ 189 қаулысына
2-қосымша

Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдері

№	Ақпарат түрі	Ақпарат мазмұны	Жария ету мерзімдері
1	2	3	4
		1) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны; 2) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер; 3) акционерлік қоғам акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысында қабылданған шешімдер, дауыс берудің (нәтижелердің) қорытындысын көрсетумен; 4) акционерлік қоғам акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысында	

1.

Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында немесе жалғыз акционер (қатысушы) қабылдаған шешімдер туралы ақпарат

эмитентті, оның еншілес ұйымдарын ерікті түрде тарату немесе қайта құру туралы шешім қабылданған жағдайда: қайта құрылатын немесе таратылатын заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы; эмитентті қайта құрудың нысаны мен шарттары; 5) акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында ірі мәмілелерді және (немесе) бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасасуға мүдделігі бар және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасасу (бұдан әрі – мүдделігі бар мәміле) жөніндегі шешім қабылданған жағдайда: мәміленің түрі; мәміленің мәні; мәмілені жасау туралы шешімді акционерлік қоғам органы қабылдаған күні осы акционерлік қоғамның активтерінің жалпы құнына мәміленің мәні болып табылатын мүлік құнының пайыздық арақатынасы. Егер акционерлік қоғамның ірі мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле жасау туралы

акционерлердің (қатысушылардың) немесе жалғыз акционердің (қатысушының) жалпы жиналысында шешім қабылдаған күннен кейін

	<p>шешімінде банктік құпияны, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпарат болса, ақпаратты орналастырған кезде тек қана ірі мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле жасалған күн, сондай-ақ акционерлік қоғамның шешімі бойынша өзге ақпарат жарияланады.</p> <p>Бір жұмыс күні ішінде акционерлік қоғамның ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделігі бар мәміле жасау туралы бірнеше шешімдер қабылдаған кезде осындай мәмілелер бойынша ақпаратты акционерлік қоғамға осындай бірнеше шешімдер бойынша ақпарат қамтылған бір өтінім ұсыну арқылы ақпарат беруге рұқсат етіледі.</p> <p>б) қажет болған кезде өзге де мәліметтер.</p> <p>Эмитенттің жалғыз акционері (қатысушысы) болған жағдайда жалғыз акционер (қатысушы) шешім қабылдаған күн, жалғыз акционер (қатысушы) қабылдаған шешімдер, эмитенттің ұйғарымы бойынша өзге де мәліметтер көрсетіледі.</p>	<p>10 (он) жұмыс күні ішінде.</p>
	<p>1) шешім қабылдаған эмитент органының атауын көрсетумен эмитент органының құрамын сайлау (тағайындау) не оның өзгеруі туралы шешім</p>	

2.

Эмитенттің басқару органының (байқаушы кеңесінің), атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) құрамын көрсете отырып, эмитенттің басқару органын (байқаушы кеңесін), атқарушы органын (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ эмитенттің басқару органының (байқаушы кеңесінің), атқарушы органының (атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) құрамындағы өзгерістер туралы ақпарат

қабылдаған күні. Егер басқару органы және (немесе) атқарушы орган мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, олардың бастамасы бойынша жүзеге асырылған жағдайда, онда эмитенттің басқару органының жазбаша хабарламасын алған күні көрсетіледі;

2) құрамы сайланған (тағайындалған) не өзгерген эмитент органының атауы;

3) эмитент органының құрамы не эмитенттің органы құрамына өзгерістердің мәні: орган құрамына сайланған (тағайындалған) адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), орган құрамына сайланған (тағайындалған), сондай-ақ орган құрамынан шығарылған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

4) эмитент органының құрамына кіретін әрбір адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) көрсете отырып, эмитент органына енгізілген өзгерістер ескерілген құрамы;

5) эмитенттің директорлар кеңесі (сайланған (тағайындалған) мүшесіне тиесілі дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесі) эмитенттің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесі) жалпы санына пайыздық арақатынасы;

эмитент органының құрамын сайлау (тағайындау) не эмитент органы құрамының өзгеруі туралы шешім қабылдаған күннен кейін немесе эмитенттің басқару органы жазбаша хабарламаны алған

	<p>б) еншілес ұйымдардағы эмитенттің директорлар кеңесі сайланған (тағайындалған) мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесі) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесі) жалпы санына пайыздық арақатынасы.</p> <p>Егер эмитенттің акционерлерінің (қатысушылар) жалпы жиналысында және (немесе) директорлар кеңесінде (қадағалау кеңесін) эмитенттің органдары құрамының өзгеруі туралы ғана шешім қабылданған жағдайда осындай шешім туралы ақпарат бұл жөнінде көрсетіле отырып, осы қосымшаның 2-тармағына сәйкес қана орналастырылады.</p>	<p>күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.</p>
<p>Эмитенттің акционерлерінің қатысушыларының)</p>	<p>1) эмитенттің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызына ие акционерлердің (қатысушылардың) құрамы:</p> <p>жеке тұлға үшін - тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); заңды тұлға үшін - заңды тұлғалардың толық атауы мен орналасқан жері;</p> <p>2) эмитенттің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызына иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) (құрамын өзгерту күні (бағалы қағаздарды</p>	<p>эмитент бағалы қағаздарды</p>

3.	<p>құрамы туралы және (немесе) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) құрамындағы өзгерістер туралы ақпарат</p>	<p>ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде өзгерістер енгізу немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесі тіркелген күні);</p> <p>(3) эмитенттің акционерлерінің (қатысушылардың) құрамындағы өзгерістердің мәні: жеке тұлға үшін - акционерлердің (қатысушылардың) құрамына енгізілген не акционерлердің (қатысушылардың) құрамынан шығарылған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); заңды тұлға үшін - акционерлердің (қатысушылардың) құрамына енгізілген не акционерлердің (қатысушылардың) құрамынан шығарылған заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жері.</p>	<p>ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі өзгерістердің тіркелуін растайтын құжаттарды алған күннен (кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.</p>
4.	<p>Эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органының шешімі туралы ақпарат</p>	<p>1) шешім қабылданған күн;</p> <p>2) эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органының шешімі;</p> <p>3) қажет болған кезде өзге де мәліметтер.</p>	<p>эмитенттің директорлар кеңесі немесе осы шешімді қабылдауға өкілетті акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің тиісті органы шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.</p>
	<p>Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде</p>	<p>1) шешім қабылданған күн;</p> <p>2) директорлар кеңесі қабылдаған шешім (шешімдер);</p>	

5.	жарияланған акциялардың саны ш е г і н д е орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы ақпарат	3) орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың түрі және саны; 4) орналастыру тәсілі; 5) орналастыру (өткізу) бағасы; 6) қажет болған кезде өзге де мәліметтер.	акционерлік қоғамның директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.
6.	Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған, егер қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызынан асып түссе, акционерлік қ о ғ а м н ы ң орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау туралы ақпарат	1) шешім қабылданған күн; 2) қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған шешім (шешімдер); 3) қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын акциялардың түрі және саны; 4) қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын акциялардың бағасы; 5) қоғамның бастамасы бойынша акцияларды сатып алу мерзімі мен талаптары; 6) қажет болған кезде өзге де мәліметтер;	акционерлік қоғамның директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.
7.	Эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органының шешімі туралы ақпарат	1) шешім қабылданған күн; 2) шешім қабылдауға уәкілетті акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің тиісті органымен немесе директорлар кеңесімен қабылданған шешім (шешімдер); 3) облигациялар мен туынды бағалы қағаздардың саны мен түрі; 4) номиналды құны және номиналды құн валютасы ; 5) шығарылымның көлемі; 6) қажет болған кезде өзге де мәліметтер.	эмитенттің директорлар кеңесі немесе осы шешімді қабылдауға уәкілетті акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің тиісті органы шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.
		1) ірі мәміле және (немесе) мүдделілігі бар мәміле туралы шешім қабылданған күн;	эмитенттің директорлар кеңесі немесе осы шешімді қабылдауға

8.

Эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасасуға мүдделігі бар және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасасу жөніндегі шешім қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органының шешімі туралы ақпарат

2) акционерлік қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған шешім (шешімдер);
3) мәміленің түрі;
4) мәміленің мәні;
5) мәмілені жасау туралы шешімді акционерлік қоғам органы қабылдаған күні осы акционерлік қоғамның активтерінің жалпы құнына ірі мәміленің және (немесе) мүдделігі бар мәміленің мәні болып табылатын мүлік құнының пайыздық арақатынасы.
